

**ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ ЛИЦЕЙ-МЕКТЕБІНІҢ
(МЕКТЕПKE ЖОЛ) РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
АКЦИЯСЫ
АНЫҚТАМА
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты ұранмен өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде 2025 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылды.

Акцияның басты мақсаты – барлық оқушылардың мектепке толық дайындықпен баруын қамтамасыз ету және балалардың білім алуға тең мүмкіндігін қолдау.

Павлодар қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінде аталған акция аясында арнайы ақпараттық бұрыш безендіріліп, ата-аналар мен қоғам өкілдеріне үндеу жарияланды. Ізгі істерге шақырған бұл бастамаға лицей ұжымы, ата-аналар қауымы және демеушілер белсенді түрде атсалысты.

Акция барысында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына көмек көрсетіліп, мектеп формасы, оқу құралдары, сөмке және басқа да қажетті заттар табысталды. Акция барысында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына көмек көрсетіліп, мектеп формасы, оқу құралдары, сөмке және басқа да қажетті заттар табысталды. Сонымен қатар, **«Банк Центр Кредит» ұйымының директоры Анапьянов Руслан Баймұхамбетович** демеушілік жасап, **8 оқушыға кеңсе тауарлары түрінде көмек көрсетті.**

Бұл игі іс оқушылардың жаңа оқу жылын толық дайындықпен бастауларына және олардың білім алуға деген ынтасын арттыруға зор үлес қосты. «Мектепке жол» акциясы – қоғамдағы мейірім мен қамқорлықты, бірлік пен ізгілікті дәріптейтін маңызды әлеуметтік бастама болып табылады.

Анықтама лицейде өткізілген «Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген әлеуметтік көмек туралы мәлімет беру мақсатында берілді.

«Мектепке жол» акциясы – қоғамдағы мейірім мен қамқорлықты, бірлік пен ізгілікті дәріптейтін маңызды шаралардың бірі. Мұндай қайырымдылық бастамалар балалардың жүрегінде сенім мен үміт ұялатып, ел болашағының игілігіне бағытталған игі қадам болып табылады.

Мектеп директоры

Л.Б.Жусупова